

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛЫСЫ  
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ  
АТЫНДАҒЫ АУДАН  
ӘКІМДІГІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
АКИМАТА  
РАЙОНА ИМЕНИ  
ГАБИТА МУСРЕПОВА  
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ  
ОБЛАСТИ

20 26 ж.г. 24 сәуір  
(күні/дата)  
Новошишим ауылы

№ 97  
село Новошиимское

**Ғабит Мүсірепов атындағы ауданда 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымының тоқтатылуы туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 7/4 шешімімен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысында жылу маусымын дайындау және өткізу қағидаларының 39-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасының +10°C жоғары болуына байланысты 2026 жылғы 30 сәуірден бастап 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымының тоқтатылуы айқындалсын.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулының мәтінін жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің аталған саланы жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі



Р. Аңбаев

009927